

Түлкіева Б.Ә., Зияев М.Н.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: btulkieva@e.mail.ru

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ОРАЗ ЖАНДОСОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Мақала ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметіне арналады. Ораз Қиқымұлы Жандосов тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азиялық аймақта атағы кеңінен белгілі болған, ірі мемлекет және қоғам қайраткері болды. Ораз Жандосов талантты мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сонымен бірге дарынды сөз шебері және публицист, Қазақстан мен Түркістан аймағының әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық өмірінің зерттеушісі, аграрлық-шаруашылық және ұлттық мәселелер бойынша керемет білгір адам болды. Ораз Жандосов 1920-1930 жж. Қазақстанның халық ағарту және мәдениет саласындағы комиссары болып жұмыс істеді. Ол бірінші Қазақ мемлекеттік университетінің, ауыл шаруашылық және мал дәрігерлігі институттарының ашылуларына зор еңбек сіңірді. Ораз Жандосовтың тағы бір айналысқан мәселесі, Қазақстан тарихының күрделі беттерінің бірі – Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу мәселесі, тарихи демографияның мәселелері, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері, 20-30 жылдардағы қазақ ауылдары мен елді мекендеріндегі қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайының жекелеген аспектілері болды. Ораз Жандосов 1920-шы жылдардың бас кезіндегі жер-су реформасын дайындау мен жүзеге асыру, бұқаралық шаруалар ұйымдарының («Қырғыз кедей шаруалары мен батрактарының одағы», «Қосшы» одағының» т.б.) құрылуы мен нығаюына, Жетісу облысында ұлтаралық қатынастарды, ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуде зор еңбек сіңірді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Орта Азия, Түркістан, Жетісу, Сырдария, Ресей, Халық ағарту, ұлт мәселесі, мәдениет саласы, мемлекет, қайраткер, «Қосшы», ұлтаралық татулық, бірлік, Қазақстан Республикасы.

Tulkiyeva B.A., Ziyaev M.N.

M. Auezov South Kazakhstan State University,
Kazakhstan, Shymkent, e-mail: btulkieva@e.mail.ru

Social and political activity state and public figure Oraz Dzhandosov

The article is devoted to public and political activities of prominent state and public figure Uraz Dzhandosov in the 20-30's. XX century. Uraz Dzhandosov was a well-known figure not only in Kazakhstan, but also in the regions of the whole Central Asia. UrazDzhandosov was not only a talented statesman, but also an outstanding orator, publicist, engaged in research on the socio-economic situation of Kazakhstan and the entire Turkestan district, a remarkable expert on agrarian and economic and national issues. Uraz Dzhandosov 1920-1930 worked as a people's commissar of education of Kazakhstan and in the spheres of culture. He contributed to the opening of the first Kazakh State University, Agricultural and Zoo Veterinary Institutes. Another problem that U. Dzhandosov was interested in – certain issues on the history of Kazakhstan, as the voluntary accession of Kazakhstan to Russia, the problems of historical demography, the national liberation movement of the Kazakh people, certain aspects of the socio-political and economic situation of Kazakh villages and villages at 20-30 years. etc. Uraz Dzhandosov, also seriously engaged in issues like, the organization and implementation of the land reform in Zhetysu, his multi-lateral activities in the formulation and resolution of issues of interethnic relations in the Zhetysu region.

Key words: Kazakhstan, Central Asia, Turkestan, Zhetisu, Syrdarya, Russia, public education, ethnicity, culture, industry, government, worker, Union «Kosshy» national unity, unity, Republic of Kazakhstan.

Тулкиева Б.А., Зияев М.Н.

Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова,
Казахстан, г. Шымкент, e-mail: btulkieva@mail.ru

Общественно-политическая деятельность государственного и политического деятеля Ураза Джандосова

Статья посвящается общественно-политической деятельности видного государственного и общественного деятеля Ураза Кикимовича Джандосова в 20-30 гг. XX в. Ураз Джандосов был известным деятелем не только в Казахстане, но и в регионах всей Центральной Азии. Ураз Джандосов был не только талантливым государственным деятелем, но и выдающимся оратором, публицистом, занимался исследованием социально-экономического положения Казахстана и всего Туркестанского округа, замечательным знатоком по аграрно-хозяйственным и национальным вопросам. Ураз Джандосов в 1920-1930 гг. работал народным комиссаром просвещения Казахстана и в сферах культуры. Он внес свой вклад в открытие первого Казахского государственного университета, сельскохозяйственного и зооветеринарного институтов. Еще одна проблема, которая интересовала У. Джандосова, – отдельные вопросы по истории Казахстана, как добровольное присоединение Казахстана к России, проблемы исторической демографии, национально-освободительное движение казахского народа, отдельные аспекты общественно-политических и экономических положений казахских аулов и сёл в 20-30 гг. и т.д. Ураз Джандосов также серьезно занимался вопросами организации и проведения земельной реформы в Жетысу, его многосторонняя деятельность связана с постановкой и решением вопросов межнациональных отношений в Жетысуйской области.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, Туркестан, Жетысу, Сырдария, Россия, народное просвещение, национальный вопрос, культура, государство, общественный деятель, «Косчи», национальное согласие, единство, Республика Казахстан.

Кіріспе

«Егер кез келген халықтың тағдыры мен болашағы, белгілі бір дәрежеде, оның отаншыл, биік өрелі перзенттерінің саны мен сапасына тәуелді десек, онда XX ғасырдың бас кезінде қазақ елінің жұлдызы шынымен де жарқырап, оңынан туған еді. XX ғасырдың бас кезінде халқымыздың жүздеген талантты ұлдары мен қыздары қоғамдық тіршіліктің барлық саласына белсене араласып, өз елінің өмірін қайта жаңғыртуға әзір екендіктерін айқын танытты. Бірақ осы ұрпақты өмірге әкелген орта оларға тағдырдың өзі артқан тарихи міндетті толық, аяғына дейін орындауына мүмкіндік бермей, олар 1937-1938 жылдары «үлкен террордың» құрбаны болып кете барды». Осы жұмбақ ұрпақ арасында «Жетісудың серкесі» атанған, халқының, ұлтының сүйіспеншілігіне бөленген қазақтың біртуар, талантты азаматы – Ораз Қықымұлы Жандосов та бар еді. Ораз Қықымұлы Жандосов – XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстан мен Орта Азиялық аймақта атағы кеңінен белгілі болған, ірі мемлекет және қоғам қайраткері болды. Ол Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты қазақтың даңқты ұлдарының қатарынан ойып тұрып орын алған, қазақтың біртуар тұлғасы осы – Ораз Жандосов болатын.

Мәселенің теориялық және методологиялық негізі

Қазақстанның партиялық және кеңестік жетекші қайраткерлерінің алғашқы буынының мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі әрі ауыр, әрі күрделі болды. Кеңестік идеология ұзақ жылдар бойына қазақ қайраткерлерінің өмірі мен саяси қызметін ұлтшылдықтың символикасына айналдырып, саяси мақсаттарының мәнін танып-білуге тыйым салды, я болмаса оларды жоғарыдан берілген нұсқауды бұлжытпай орындаушы тетіктер ретінде ғана көрсетіп келді. Міне, осылардың қатарында – Ораз Қықымұлы Жандосов та болған еді.

Әр түрлі саяси және тарихи зерттеулерге талдау жасай отырып, Ораз Қықымұлы Жандосовтың тарихтағы рөлін бағалауда төмендегі зерттеу еңбектерінің кезеңдерін көрсетуге болады: біріншісі, өзінің көзі тірі кезінде Ораз Жандосов туралы жарияланған мақалалар (1920-1938 жж.); екіншісі, «халық жауы» тұжырымы орныққан кезеңдегі еңбектер (1938-1956 жж.); үшіншісі, Ораз Жандосов ақталғаннан кейінгі жарық көрген еңбектер (1957-1991 жж.); төртіншісі, Қазақстан егемендік алып, тәуелсіз мемлекетке айналған кезеңдегі зерттеулер (1991 ж. бүгінгі күнге дейін жалғасуда).

Тарихи зерттеулер ішіндегі құндылары «Ураз Джандосов. Документы и публицистика.

1918-1937 гг. В двух томах» деп аталатын еңбек Ораз Жандосовтың 1920-1930 жылдардағы қайшылықтарға толы қоғамдық-саяси және мәдени қызметі жайындағы бай творчестволық мұрағаттық құжаттары болып табылады. Онда жарияланған материалдар өзінің мазмұны жағынан әр түрлі. Ораз Жандосовтың әр түрлі партиялық форумдар мен съездердегі сөйлеген сөздері, бұйрықтары, декреттер және оның өз қолымен қойылған хабарламалары мен хаттары берілген.

Бұл құжаттар біздің зерттеу жұмысымыздың ең басты құнды деректері болып табылады.

Сонымен бірге, Ораз Жандосов туралы әр түрлі ғылыми басылымдар мен ақпарат құралдарында жарияланған ғылыми мақалалар пайдаланылды.

«Қайран Ораз». – Легендарный Ораз: Ораз Жандосов замандастар көзімен» деп аталатын еңбектен 1920-1930 жылдардағы ірі саяси қайраткер, ақиық ағартушы және жалынды күрескер Ораз Қықымұлы Жандосовтың жарқын да қайғылы өмірі жайында замандастарының тебіреніске толы қызғылықты естеліктерін оқи аламыз және сонымен бірге кітапта О.Қ. Жандосовтың өмірбаяндық фактілері келтіріледі (мысалы жартылай феодал-байларды конфискулеу жүргізілген 1928 жыл), О.Қ. Жандосовтың жары, оның үш баласының анасы Фатима Сүтшеваның естеліктерінен және Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау» романынан үзінділер келтіріледі. Жүсіпбек Арыстановтың «Сұңқар да жерді мекендейді» кітабынан, Асқар Тоқмағамбетовтің «Ораз Жандосов туралы поэмасынан» және «Жетісу» атты, Өтебай Тұрманжановтың «Ораз ағай» атты, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» атты кітаптарынан Ораз Жандосовқа қатысты кең әдеби тұрғыдан мағлұматтар оқи аламыз.

Ораз Жандосов талантты мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сонымен бірге дарынды сөз шебері және публицист, Қазақстан мен Түркістан аймағының әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық өмірінің зерттеушісі, аграрлық-шаруашылық және ұлттық мәселелер бойынша керемет білгір адам болды.

Ораз Жандосов Қазақстан мен Түркістан аймағының әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық өмірінің зерттеушісі.

Ораз Жандосов 1899 жылы ақпанда Алматы облысының қазіргі Қарасай ауданында (бұрынғы Қаскелең), Қаскелең селосында шаруа отбасын-

да туылды. Ал 1938 жылы «халық жауы» атанып, (1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылы 2 наурызда) жазықсыз жаламен атылып кетті.

Ораз Жандосовтың туған қарындасы Бану Қықымқызы Жандосова өз естелігінде былай деп жазады: «Біздің әкеміз Қықым 1865 жыл шамасында өмірге келген. Оның әкесі Жандос таудың аң-құсын аулап тіршілік еткен кісі. Руы – бес шам Шапырашты, оның ішінде Әжіке ұрпағы. Арғы тегі, ақын атамыз Жамбыл айтқандай, бір тайпа елді басқарған Қазыбек биден тарайды».

«30-дан аса бере әйелі қайтыс болып, әкеміз Қықым Дәрмен деген апамызға үйленеді. Құлболды руынан шыққан Дәрмен жарқылдаған жайдары мінезді 17 жасар қыз екен. Ораз (толық аты Оразымбек) – Дәрменнің Қықымнан тапқан тұңғышы. Ол көктемде, орыстардың «Қызыл жұмыртқа» діни мерекесінде туған» (Қайран Ораз, 1999: 43-44).

Ораздың әкесі 1919 жылы қайтыс болады. Ораз 1919 жылы сәуірде Верныйдағы ер балалар гимназиясын оқып бітіреді. «Қырық жыл бойы бай есігінде жүрген әкеміз Қықым сауатсыз болса да, көңілі ояу шаруа-тын. Содан болар жоқшылықтың азабын тартса да, үлкен ағам Оразды Верныйдағы ер балалар гимназиясына оқуға берді. Білім алып, көзі ашылса, алдыңғы қатарлы азамат болатынына сенді», – деп жазады өз естелігінде Бану Қықымқызы Жандосова.

Ораз Қықымұлы Жандосов ағарту және мәдениет саласындағы ұлт көсемдерінің бірі ретінде де көрнекті орын алатын бірегей тұлға. Голощекин қиып жіберген өмір жолының жарқын кезеңі – Қаз АССР Халық ағарту комиссариаты басшысы қызметінде болған жылдар (1928 жыл – 1929 жылдың ортасы) еді.

1929 жылдың 17 сәуірі күні жасаған баяндамасында Ораз Жандосов былай деп атап көрсетеді: «Грамотность среди русского населения: мужчин – 58,8 %, женщин – 38,4 %; казаков: мужчин – 14 %, женщин – 0,7 % по нашему округу; украинцев: 49 %, мужчин и 20 % женщин и прочих национальностей – 40 %, мужчин и 28 % женщин. Охват детей (учебой): немцев охвачено 91 %, украинцев и русских – 75 %, казаков – 28 % (Джандосов, 1999: 133-134). (Джандосов, 1999: 133-134). (1925 ж. сәуіріне дейін қазақтар қырғыздар деп аталды, ал 1936 ж. ақпанына дейін – казактар деп аталған). (Джандосов, 1999:17).

«Марттың 3 күні (1918 жылы) Алматыда Совет өкіметі орнады. Гимназияда әлі оқып жүрген Ораз Жандосовтың сол күннен бастап Совдептің нұсқаушысы болып жүргенін көрдім.

Артынша-ақ ол ұлт істері жөніндегі халық комиссары болды. Ол аз ұлттар жөнінде лениндік принципті мүлт жібермей орындап отырды. Мен – өзбекпін, Абдолла Розыбакиев – ұйғыр, Баһаутдин Шаһабутдинов – татар, Мағаз Масанчи – дұнған, Әбдікәрім Сыдықов – қырғыз, осы барлығымызды да ол бауырына тартып, бізге ұлт мәселесін дұрыс түсіну жолында көмектесіп, басшылық беріп отырды. Осы кезде ол мұсылман коммунистері бюросының председателі болды. Жұбаныш Бәрібаев, Абдолла Розыбакиев оның орынбасарлары болды» (Қайран Ораз, 1999: 77).

Ораз Жандосов өзі туып-өскен заман ағымының біртуар азаматы, ұлт күрескері болды.

Ораз Жандосов жерді және суды пайдалану мәселесі бойынша да, келелі ой қорыта келіп, былай деп атап көрсетеді: «Қазақ қауымын (халқын) жермен қамтамасыз ету керек, өздерінің патша заманында қуылған жерлеріне қайтып оралу үшін жағдай жасау қажет, – дейді».

«Ведь этот народ был угнетаем при царизме не только экономически, он был просто снят с земли, не было у него земли, не было за ним определенных, зафиксированных земельных угодий, которыми он пользовался бы» (Джандосов, 1999: 42).

Голощекинге жазған хатында (1928 жылы 15 қыркүйекте), Ораз Жандосов бірнеше мәселелерді көтереді: 1) Кәмпескелеу туралы, 2) Түркісіб туралы, 3) Қазақстан астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру мәселесі жайында, 4) Қазақстанда университет ашу, ағарту мәселелерін өткір көтереді: «Я прошу Вас, Филипп Исаевич, нажать по университетским вопросам. Надо обеспечить, вопреки профессорам типа Бродского, который будучи в Алма-Ата, рассказывал всякие небылицы насчет нашего университета, открытие этого университета в текущем году. Мы немного запаздываем, кое-что упустили во времени, но это в наших силах» (Джандосов, 1999: 17).

Ораз Жандосов Қазақстан тарихының жекелеген мәселелерін зерттеумен де шындап айналысты, оны Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу мәселесі, тарихи демография, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері, 20-30 жж. қазақ ауылдары мен селоларының қоғамдық-саяси және экономикалық өмірінің жекелеген аспектілері және т.б. мәселелер толғандырды.

Ораз Жандосов қазақ ауылдары мен селолардың жағдайын зерттеу барысында алғашқылардың бірі болып, социология мен статистика әдістерін қолданды. Өзінің «Әлеуметтік прогресс және қырғыздар» деп аталатын

мақаласында, жап-жас, 19 жасар Ораз Жандосов былай деп мәлімдейді: орыс бодандығын қабылдау «қазақ халқының табиғи және эволюциялық даму заңдылығын тежеді». Әрі қарай, «уақыт – ең жақсы куәгер және төреші» дей келе, О.Қ. Жандосов былай деп жазады: «вопрос о том, находилась ли культурно-экономическая жизнь киргизов (казахов) до перехода в подданство России в состоянии прогресса, застоя или регресса – остается открытым» (Джандосов, 1999: 102-108).

Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов пен Мұстафа Шоқай халық мүддесіне қалай еңбек етсе, Тұрар Рысқұлов пен Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов та осы бағытта жан-тәнімен аянбай еңбек етіп, халқы үшін аянып қалған жоқ.

Ораз Жандосовтың қаншалықты қайраткер болғандығын оның еңбектерінен аңғаруға болады. Ол қазақ даласындағы патшалық отарлаудың ізін жойғысы келді және осы мақсатта табанды әрекеттер жасады. Атап айтқанда, Ораз Жандосов патша үкіметінен зорлық көріп, Қытай асқан Жетісу қазақтарын елге қайта қоныстануына атсалысты. Сондай-ақ, жерсу реформасын әзірлеп, халықтың оны тиімді мөлшерде пайдалануына мүмкіндік туғызған. Орталық биліктен тәуелсіз Қазақстанның өз экономикасы болу керек деген идеяны ұстанған ол, Смағұл Сәдуақасов сынды қайраткерлердің ұстанымын дұрыс көрді.

Ораз Жандосовтың Республиканың халық ағарту комиссары болып қызмет істеген кезеңдегі үлкен үлесі, жоғары оқу орындарының ашылуына (Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік институты (ҚазПИ), Ауыл шаруашылық институты, Малдәрігерлік институты), ғылымның дамуына, баспасөз және мәдени-ағарту мекемелерінің (көпшілік кітапхана (қазіргі Ұлттық кітапхана) ұйымдастырушысы ретіндегі қызметі, Қазақстанды зерттеу Қоғамы (ҚЗК) басқармасының төрағасы ретіндегі қызметтері және т.б.) ұйымдастырылуына тигізген зор еңбегі болды. Ол былай деп мәлімдеді: «КазГУ должен стать мощным орудием приобщения казакских трудящихся к общечеловеческой культуре демократии и всемирного рабочего движения» (Джандосов, 1999: 102-103).

Ораз Жандосов осы жоғары оқу орындарына бұрынғы Алаш қозғалысының белсенді мүшелері болған, қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерін, мәселен, А. Байтұрсыновты, Х. Досмұхамедовты, М. Әуезовті, А. Байтасовты және басқаларды оқытушылық қызметке шақырады.

Ораз Жандосов 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің тарихымен де айналысты. 1921 жылы мамырда ол қазақтардың 1916 жылғы көтеріліске қатысуы туралы материалдарды жинау бойынша Жетісу облыстық революциялық комитеттің жанындағы арнайы ғылыми комиссия құру туралы ұсыныс айтты. Ол Т. Құдайбергенов деген азаматқа «жеке адамдардан, қоғамдық ұйымдардан, үкіметтік ұйымдардан және мұрағаттардан» 1916 ж. көтерілістің тарихы туралы құжаттарды жинауды тапсырады.

Ораз Жандосов 1916 жылғы көтерілістің мысалында Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістердің шығу себептерін, сипатын және қозғаушы күштерін зерттеді, өлкенің Ресей бодандығына айналуының кезеңдері мен түрлерін көрсетті. Қазақстанды отарлаудың кезеңдері мен түрлерін айта келіп, О.Қ. Жандосов былай деп жазады: «Сначала мирная колонизация края беженцами из России (крестьяне, бежавшие от крепостной неволи; старообрядцы, бежавшие от религиозных гонений, «инородцы» – от попыток обратить их в православие), затем организованный захват края, отобрание от казахов исконных земель, постепенное окружение казахской степи путем постройки городов (Омск, Семипалатинск, Оренбург и т.д.), крепостей, затем расчленение степи путем выдвигания крепостей внутрь, вглубь страны... Вот пути захвата казахской степи. Этот захват не мог не вызвать должного ответа... Кенесары Касымов, Каратай, Каип-Гали Ишимов, Исатай Тайманов – вот некоторые имена из многочисленной рати борцов, погибших за независимость казахского народа. Связь с пред-

шествовавшими 1916 году восстаниями слишком очевидна и велика» (Жандосов, 1999: 10).

Ораз Жандосов 1937 жылы 31 июльде саяси айыппен тұтқындалып, КСРО Жоғарғы соты Әскери Коллегиясының үкімімен ату жазасына кесіледі. 1957 жылы 8 июньде қылмыстарының жоқтығымен ақталады. Ораз Қиқымұлы Жандосовтың жұбайы – Фатима Асқарқызы Жандосова (Сүтішева) (1900-1973) – газет-журналдар мен баспаларда редактор қызметін атқарған. Ұлдары: Едіге (1923-1953) – қызметкер, Санжар (1930-1992) – мемлекет және қоғам қайраткері болды, Әли (1935 ж.т.) – тарихшы, ұстаз, аға ғылыми қызметкер.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда, ұлттық жігер мен тоғысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ» деп атап көрсеткеніндей, кейінгі ұрпақ осы өткен тарихымыздан сабақ алып, сол кезеңде өмір сүріп, елі, жері, халқы үшін аянбай еңбек еткен, өмірлерін сол жолда сарп еткен тұлғаларымызды естен шығармағаны абзал (Назарбаев, 1999: 175). Бүгінгі егемен Қазақстан – еліміздің рухани және саяси тұрғыдан көркейту жолында көп еңбектенген, тер төккен Ораз Қиқымұлы Жандосов тәрізді мемлекеттік қайраткерлердің қажырлы іс-әрекетінің, армантілегінің қорытындысы деп білеміз.

Әдебиеттер

- Жандосов У. (1929) Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т. 2. Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 1999. 304 с. Выступление на Совещании Председателей Округных Исполкомов о ликвидации неграмотности в Казахском ауле. г. Кзыл-Орда. С. 133-134.
- Жандосов У. (1999) Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т. 1. Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан». 400 с. 17 б.
- Жандосов У. (1999) Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т.2. Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан». 304 с. Землепользование и водопользование. С.42.
- Жандосов У. (1999) Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т. 2. Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан». 304 с. Письмо Ф.И. Голощекину о ходе конфискации имущества баев-полуфеодалов по Алма-Атинскому округу, подготовке к открытию университета, о Турксибе и отсутствии необходимых условий для перевода столицы в Алма-Ату. 15 сентября 1928 г. С. 102-108.
- Жандосов У. (1999) Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т. 1. Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан». 400 с. С. 9.
- Назарбаев Н. (1999) Тарих толқынында. Алматы: Атамұра.
- Қайран Ораз. (1999) Легендарный Ораз: Ораз Жандосов замандастар көзімен. Құраст. ред. Ә. Жандосов. Алматы: ТОО Графика-Принт, 400 бет. Б.Қ. Жандосова. Өзгеше туған. 43-44 бб.
- Қайран Ораз. (1999). Легендарный Ораз: Ораз Жандосов замандастар көзімен. Құраст. ред. Ә. Жандосов. Алматы: ТОО Графика-Принт, 400 бет. Қ. Ходжаев. Революция үшін туған ұл. 77 б.

References

Zhandosov U. (1929) Dokumenty I publicistika [Documents and journalism] (1918-1937gg.). V 2-h tomah. T.2. Almaty: TOO «Izdatel'ckiidom «Kazakstan», 1999. 304 s. Vystuplenie na Soveshanii Predsedatelei Okruzhnyh Ispolkomov o likvidacii negramotnosni v Kazachskomaule.g. Kyzyl-Orda. – S. 133-134.

Zhandosov U. (1999) Dokumenty I publicistika [Documents and journalism] (1918-1937gg.). V 2-h tomach. T.1. Almaty: TOO «Izdatel'ckiidom «Kazakstan». 400 c. 17 b.

Zhandosov U. (1999) Dokumenty I publicistika [Documents and journalism] (1918-1937gg.). V 2-h tomach. T.2. Almaty: TOO «Izdatel'ckiidom «Kazakstan». – 304 c. Zemlepol'zovanie i vodopol'zovanie. S. 42.

Zhandosov U. (1999) Dokumenty I publicistika [Documents and journalism] (1918-1937gg.). V 2h tomach. T.2. Almaty: TOO «Izdatel'ckiidom «Kazakstan». 304 c. Pis'mo F.I. Goloshekinu o hode konfiskacii imushestva baev-polufeodalov po Alma-Atinskomu okругu, podgotovke k otkryitiu universiteta, o Turkisbe I otsutstvii neobhodimyh uslovii dlya perevoda stolicy v Alma-Ata. 15 sentyabrya 1928g. C. 102-108.

Zhandosov U. (1999) Dokumenty I publicistika [Documents and journalism] (1918-1937gg.). V 2-h tomach. T.1. Almaty: TOO «Izdatel'ckiidom «Kazakstan». S. 9.

Nazarbaev N. (1999) TarihTolkynynda. Almaty: Atamura. S. 175.

Kairan Oraz (1999) Legendarnyi Oraz: Oraz Zhandosov zamandastar kozimen [the legendary Oraz]. Kurast. red. A. Zhandosova. Almaty: TOO Grafika-Print. 400 bet./ B.K. Zhandosova. Ozgeshetugan.43-44bb.

Kairan Oraz (1999) Legendarnyi Oraz: Oraz Zhandosov zamandastar kozimen [the legendary Oraz] . Kurast. red. A. Zhandosova. Almaty: TOO Grafika-Print. 400 bet./K.Hodzhaev.Revoluciyaushintugan ul. 77 b.